Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы»

Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Медициналық орталығының
«Санитариялық-эпидемиологиялық
сараптама орталығы»
директорының
2024 жылғы «17» 10
№ 170-Ө бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

# БІЛІКТІЛІКТІ ТЕКСЕРУ ПРОВАЙДЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ

# САЯСАТ

# П – 06

**Келісілді:**

| Лауазымы | Аты-жөні | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|
| Директордың ұйымдастыру-өндірістік қызмет жөніндегі орынбасары | Г.Е. Нусупбаева | [signature] | 16.10.24 |
| Зертханалық зерттеулердің сапа менеджменті департаментінің директоры | А.А. Раймбекова | [signature] | 16.10.24 |
| **Әзірлеген** | | | |
| Сапа жөніндегі менеджер | Д.С. Мукитанов | [signature] | 16.10.24 |

Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы»РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) біліктілікті тексеру провайдерін (бұдан әрі – БТП) аккредиттеудің бекітілген саласында оны құзыретті, тәуелсіз және бейтарап деп тануға қол жеткізуге және қолдауға бағытталған сапа саласындағы саясатты жүргізеді.

Өз қызметін МЕМСТ ISO/IEC 17025-2019 стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асыратын сынақ зертханалары біліктілікті тексеру провайдері қызметтерін ұсынады.

Бекітілген аккредиттеу саласына сәйкес ұсынылатын, біліктілікті тексеру провайдері қызметтерінің тұрақтылығы мен жоғары сапасы − жұмыс істеп тұрған менеджмент жүйесінің нәтижелігіне негізделеді.

Сапа саласындағы қабылданған саясат Кәсіпорынның БТП алдына келесі мақсаттарды қояды:

- үнемі өтініш берушілердің (тапсырыс берушілер мен БТ бағдарламаларына қатысушылардың) талаптарына сәйкес болу;

- біліктілікті тексеру провайдерінің қызмет сапасын арттыру;

- өтініш беруші және өзге де мүдделі тараптар тарапынан жұмыс істеуді бағалау нәтижелеріне сенімділікті қамтамасыз ету;

- БТ бағдарламасына қатысушылар ұсынатын деректерді статистикалық өңдеудің және жұмыс істеуін бағалаудың тәсілдері мен әдістерін жетілдіру;

- біліктілікті тексеру жөніндегі жұмыстарды тұрақты және шарттық негізде орындауға тартылатын қызметкерлердің қажетті құзыреттілігіне кепілдік беру;

- Кәсіпорынның БТП қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін арттыру.

Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы осы сапа саясатымен және Кәсіпорынның БТП сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құрайтын бекітілген саясаттар мен рәсімдермен танысады және өз жұмысында басшылыққа алады.

Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы МЕМСТ ISO/IEC 17043-2013 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету және біліктілікті тексеру провайдері мәртебесінде Кәсіпорынның сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін үнемі арттырып отыру міндеттемелерін қабылдады.

**Құжаттың соңы**